

М.Х.Дулати жалпы орта білім беретін мектебі

**Бекітемін**

**Мектеп директоры**

\_\_\_\_\_ **С.Амангельдиев**

## **МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ**

2024-2025 оқу жылы

### *Түсінік хат*

Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерді талап етеді.

Білім беру ұйымының заманауи басшысында басқару құзыреттілігі болуы тиіс, өзінде стратегиялық көшбасшылық дағдыларын дамыта отырып, бүкіл мектеп командасының тиімді жұмыс нәтижесін көрсете алуы керек. Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды.

Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын әрбір мектеп "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспарын әзірлейді (бұдан ары - МІБ).

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауын жүргізген жөн.

6 бағытқа назар аудара отырып, әр мектептің әкімшілігі оқу жылының соңында бақылау объектілерін анықтайды және нақты білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жетілдіру идеясына бағытталған басқару шешімдерін болжайды.

Мектепшілік бақылау жоспарын іске асыру бойынша әзірленген Нұсқаулық мектеп басшысы мен орынбасарларын қамтитын басқару тобына мектепшілік бақылауды іске асыруға жауапты барлық бағыттар бойынша тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың пәрменді моделін құруға көмектеседі.

Нұсқаулықта нақты мектептің жағдайына бейімделуге болатын келесі материалдар берілген:

1. Бақылаудың әрбір бағыты бойынша «Басқару шешімдерінің матрицасы»;
2. Мектепшілік бақылау Жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары.

Ұсынылатын материалдың әр нұсқасы тәжірибелік тұрғыдан құнды, өйткені оқу-тәрбие процесінің барлық көрсеткіштерінің жақсаруымен қатар, күшті жақтарын арттырып, қауіптерді азайту үшін МІБ жоспарын қолайлы, өзекті етуге мүмкіндік береді.

«Басқару шешімдерінің матрицасы» - қауіптерге негізделген объектілерді анықтауға арналған ыңғайлы алгоритм, ол сонымен қатар анықталған мәселені түзету немесе жою үшін басқарушылық шешімнің нұсқасын ұсынады. Жүргізілген жұмыстың тиімділігі мен тартылған әкімшілік ресурстардың орындылығы басқарушылық шешімдерді таңдауға байланысты болады.

МІБ жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары бақылау жоспарының тақырыбын, мақсатын, түрін және басқа элементтерін анықтауда қиындықтары бар мектеп командалары үшін пайдалы болады.

МІБ жоспарлау кезінде SMART критерийлеріне сәйкес келетін (нақты, өлшенетін, қолжетімді, шынайы, уақытпен шектелген) бақылау мақсатын қоюға ерекше назар аудару қажет.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерін, тәжірибелі педагогтарды, шығармашылық топтарды жұмысқа тарта отырып, мектеп командасының әрбір субъектісінің жауапкершілік дәрежесін дұрыс бөлу маңызды. Әр мұғалім мен сынып жетекшісі өз жұмысының әлсіз жақтарын дербес анықтап, жағдайды өз құзыреті шегінде түзететін өзін-өзі бақылау құралдарын әзірлеу басқарудың тиімді қадамы бола алады.

### Анықталған мәселелер мен қауіптер бойынша басқару шешімдерінің матрицасы

Бақылау объектілері мен қауіптер алдыңғы оқу жылының нәтижелеріне егжей-тегжейлі жасалған SWOT талдауы негізінде анықталады. Директордың орынбасары, ӘБ жетекшісі, осы бағытқа жауапты мұғалім алгоритм бойынша келесі компоненттерді таңдай отырып, әрекет етеді: бақылау объектілері-мәселелер, қауіптер- басқарушылық шешім нұсқасын таңдау- бақылаудың циклы нақты мектептің жағдайына байланысты жүреді.

#### I. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ

| № | Бақылау нысаны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Мәселелер, қауіп-қатерлер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Басқарушылық шешімдердің нұсқалары                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Қазақстан Республикасы Ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беу, бастауыш,негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.                                           | Мазмұнға, оқу жүктемесінің максималды көлеміне, оқу мерзімі мен білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың сақталмау қаупі.                                                                                                                                                                                                                       | Жыл сайын жүргізілетін өзін-өзі бағалау материалдарын, білім беру процесінің барлық бағыттары бойынша жинақталған сандық және сапалық деректердің егжей-тегжейлі талдауы негізінде ғана әзірлеу.                                                                                 |
| 2 | Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 8қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптапрын орындау.                                                                                                     | Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес болмау қаупі                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Педагогикалық кеңесте қолданыстағы оқу жоспарларын (ҚОЖ) талқылау және бекіту, хаттама.                                                                                                                                                                                          |
| 3 | «Қазақстан Республикасы Ағарту Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 «Жалпы білім беру мен курстардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің деңгейін таңдаудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.                                                                                    | Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес болмау қаупі.                                                                                                                                                                                                                                                                                | ӘБ отырыстарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау, хаттама.<br>Факультативтік және элективтік курстардың пәндері, бағдарламалары бойынша КТЖ-ды қорытындылары мен ұсыныстарын көрсете отырып, әкімшіліктің тексеруі.                                                     |
| 4 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау. | 1. Электронды журналдың уақтылы толтырылмау қаупі;<br>2. ҚМЖ құрылымының сақталмау қаупі;<br>3. Тәлімгерлік құжаттамаларының сапасыз жүргізілуі қаупі;<br>4. Педагогтердің, білім алушылардың жеке іс-қағаздарын жүргізу талаптарының орындалмауы қаупі;<br>5. Білім алушылардың үлгерім табелдерін, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша берілетін | Журналды толтыру туралы есептің күн сайынғы түсірілімі, сандық және сапалық деректердің талдауы.<br><br>Құжаттарды тексеруге, талап бұзушылықтарды анықтау мақсатында құзыреттілігі жоғары педагогтер мен ӘБ жетекшілерін тарту.<br>Директор жанындағы отырыста қарау. Анықтама. |

|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | <p>аттестаттарды есепке алу құжаттарын қате толтыру қауіптері;</p> <p>6. Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалмауы қауіп;</p> <p>7. ҰБДҚ электронды базасын уақтылы жүргізбеу және қате толтыру қауіп;</p> <p>8. Тіркеу кітабының талапқа сай жүргізілмеуі қауіп;</p> <p>9. Білім алушылардың есепке алу кітабының толық толтырылмауы, барлық бағандарының толық толтырылмауы, мектептегі оқушы санымен сәйкес болмауы, алфавиттік ретпен жазылмауы, реттік санының өзгертілмеуі, кеткен оқушыларға бұйрық нөмірінің жазылмауы қауіптері; аттамалардың, бұйрықтардың қаулыға сәйкес ресімделмеуі қауіп;</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 5 | <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы талаптарын орындау.</p>                                                                            | <p>Хаттамалар мен бұйрықтарды рәсімдеу кезінде құжаттау ережелері талаптарының бұзылу қауіп.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>Құжаттардың талдаптарға сәйкестігін тексеру комиссиясын құру, тексеру акті, анықтама</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 6 | <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.</p> | <p>Оқу үлгерімін ағымдағы бақылау талаптарының бұзылу қауіп; (қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалауға қойылатын жоғарғы ұпай (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалау алудың кестесі (ТЖБ), үйде оқитындарды бағалау, ерекше білім беруді қажет ететіндер ЕБҚ, «сынақ»/ «сынақтан өткен жоқ» қойылатын пәндердің реті;</p> <p>2. Қорытынды аттестаттауға дайындық сабақтарында сапасыз тапсырмаларды қолдану қауіп,</p> <p>3. Оқу пәндерінен тиімсіз қосымша сабақтардың жүргізілу қауіп; (жүйелі мониторинг арқылы анықтау).</p> <p>4. БЖБ, ТЖБ –ның сапасыз өткізілуі мен нәтижелерінің жан-жақты талданбауы қауіп;</p> <p>5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау кестесін құруда қателіктердің жіберілу қауіп,</p> <p>6. Қорытынды аттестаттау кезінде емтихан хаттамаларын қате толтыру қауіп;</p> <p>7. Қорытынды аттестаттау комиссиясы жұмысының талаптарды сақтамау қауіп; (объективті бағаламау, академиялық адалдықтың бұзылуы).</p> | <p>Әдістемелік бірлестік отырысында төмендегі сұрақтарды қарастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-тапсырмалардың оқу мақсатына сәйкестігі;</li> <li>-тапсырма көлемі;</li> <li>-тапсырманы орындау үшін нұсқаулықтың болуы;</li> <li>-тапсырманы орындау уақытының берілуі;</li> <li>-тілдік пәндердегі бағалау ерекшеліктерін ескеру: төрт тілдік дағдылар бойынша бағалау жүргізіледі (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым).</li> <li>-аудио (тыңдалым) мен айтылым дағдыларын бағалау регламенті;</li> <li>-мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары мен критериалды бағалау бойынша үйлестірушілердің жұмысын күшейту (оқу семинарларын, коучингтер, жеке және топтық кәсіби кеңестер, өзара оқу мен өзара қолдау шараларын жүйелі жүргізу).</li> </ul> <p>Мектептің әдістемелік кеңесінде қарау.</p> |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Анықтама.<br>Қорытынды аттестаттауға даярлық мәселелерін педагогикалық кеңесте қарау (ҚА);<br>ҚА қатысатын педагогтерге емтихандарды өткізу ережесі мен жұмыстарды бағалау, академиялық адалдықты сақтау туралы ортақ түсінік қалыптастыру мақсатында нұсқаулық жүргізу;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 7  | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.                                                                                                                                                                                                                                                     | Оқулықтарды бейтарап үлестіру қаупі (оқушылардың әлеуметтік статусын есепке алу)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Оқулықтарды үлестіру мәселелері бойынша кітапханашы мен әлеуметтік педагог талдауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 8  | Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын сақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 1. Оқу кабинеттерінде санитарлық талаптардың бұзылу қаупі.<br>2. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыруда санитарлық талаптардың бұзылу қаупі.                                                                                                                                                                                                                                                 | Директор жанындағы отырыста қарау.<br>Анықтама.<br>Санитарлық талаптардың сақталуына ай сайын шолу бақылауын жүргізу.<br><br>Тамақ сапасын бақылауға ата-аналар қауымын белсенді түрде тарту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 9  | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау. | 1. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан уақытында өтпеу қаупі.<br>2. Педагогтер мен директор орынбасарларын аттестаттау ережелерімен таныстырудың жүргізілмеу қаупі.<br>3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге қолдаулардың сапасыз жүру қаупі.<br>4. Мемлекеттік қызмет көрсету мен тіркелу кезінде бұрмалаушылықтардың болу қаупі.<br>5. Академиялық адалдықтың бұзылу қаупі. | Педагогтер мен директор орынбасарларының біліктілікті арттыру курстары мен аттестаттаудан өту кестесін жүргізу. (біліктілікті арттырудың бекітілген бағдарламаларына сай).<br>Әдістемелік отырыстарда педагогтерді аттестаттау талаптары бойынша педагог жетістіктерін қарау.<br>Аттестаттаудан өтерде педагогтерге әдістемелік сүйемелдеудің болуы.<br>Аттестаттаудың шарттарын орындау мақсатында, академиялық адалдық, кәсіби өсу, құжаттар мен дәлелдемелердің сапалы болуы, аттестаттау процедураларынан өту ережелері бойынша педагогтерге нұсқаулық беру.<br>Хаттамалар. Ұсынымдар. Кестелер. |
| 10 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 1. Оқу құралдары, жиһаз сондай-ақ оқуға қажетті құрал-жабдықтардың болмау қаупі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Директор жанындағы отырыста кабинеттерді төлқұжаттау (паспорттау) өткізу мен                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.                                                                                                                                                   | 2. Мектеп жабдықтарына, жиһаздарға, оқу құралдарына мұқтаждықты дұрыс емес есепке алу мен құрастыру қаупі.<br>3. Оқу бөлмелерінде білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін жиһаздарды қолдану қаупі. | перспективалық дамытуды қарау.<br>Анықтама.                                                                                                                                                                                                                                       |
| 11 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.                                                                                                                                          | 1. Сынып жетекшілер құжаттамасының сапасыз жүргізілу қаупі.<br>2. Сынып жетекші міндеті талаптарының сақталмау қаупі (ұйымдастырушылық-үйлестірушілік, талдау, қарым-қатынас, бақылау).                            | Құжаттаманы жүргізу ережелерін әзірлеу және сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырысында қарау.<br>Сынып жетекші міндеттері талаптарын бұзбау бойынша өзін-өзі талдау (өзін-өзі талдауға нұсқаулық әзірлеу, тәжірибелі, жақсы нәтиже көрсеткен сынып жетекшілерді тарту). |
| 12 | Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы талаптарын бұзбау | 1. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бағдарламасын орындамау қаупі.<br>2. Мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізуде жіберілетін қателіктердің болу қаупі.                | Тіл саясатын жүзеге асыру шараларын мектеп жұмысының жоспарына қосу.<br>Мектеп іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу сапасын әр тоқсан сайын тексеріп отыру мақсатында комиссия жұмысын ұйымдастыру.                                                                            |
| 13 | Әдістемелік-нұсқаулық хат ұсынымдарын орындау                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Оқу жылында ҚР ОББҰ оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру ерекшеліктері нұсқаулығын елемей қаупі.                                                                                                                     | Педагогикалық кеңесте қарастыру                                                                                                                                                                                                                                                   |

## II. ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

| № | Бақылау нысаны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Мәселелер, қауіп -қатерлер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Басқару шешімдерінің нұсқалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Оқу-тәрбие процесі (пән бойынша, параллель, сыртқы немесе қорытынды бағалауға дайындық бағыты бойынша)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім сапасының төмен деңгейде болу қаупі;</li> <li>2. Сыртқы бақылаумен расталмайтын жоғары бағалардың қойылу қаупі;</li> <li>3. Оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу сондай-ақ қабілетті/ дарынды оқушылармен және үлгермеуші оқушылармен әдістемелік тұрғыдан негізделген жүйелі жұмыстардың болмау қаупі.</li> <li>4. Сабақты бақылау барысында айқындалған мұғалім жұмысының жүйесіздігі, ата-аналар немесе оқушылар тарапынан шағымдардың болу қаупі.</li> <li>5. Академиялық адалдық талаптарының бұзылу қаупі.</li> </ol>                                                                                                                                                                                                  | <p>«Нөлдік» кесіндісін жүргізу және талдау.<br/>Өзара сабақтарға қатысу,<br/>Мұғалімге әдістемелік көмек<br/>Мұғалімнің педагогикалық қызметін жақсарту үшін маршрут парағын құру</p> <p>Білім сапасын арттыруға бағытталған Lesson Study и Action research (LS және AR), зерттеулерін ұйымдастыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
